

2010 жылы байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 25 мамырдағы № 463 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 167-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2010 жылы байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 5

м а м ы р д а ғ ы

№ 4 6 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

2010 жылы байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесі

Р/с №	Жобаның атауы	Донор	Орындаушы агенттік	Жүзеге асыру кезеңі (жылдар)	Жобаның жалпы құны	Грант сомасы	Республикалық бюджеттен берілетін грантты қайта қаржыландыру сомасы
	БҰҰ-ның мүгедектердің құқығы және арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсету жүйесін дамыту туралы конвенциясы шеңберінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	2010-2011	500 мың АҚШ доллары	220 мың АҚШ доллары	280 мың АҚШ доллары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК